

Табиғаттағы қауіп-қатер

Оқу мақсаты:

- табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу.

Тірек сөздер

қауіп
табиғи апат

Оқулық:

«Табиғаттағы қауіп-қатер», 80-81 бб.

Жұмыс дәптері:

55-жұмыс парағы. «Көкке шығу», 57 б.

56-жұмыс парағы. «Сенің қауіпсіздігің», 58 б.

Ресурстар

Интербелсенді тақтада табиғаттан келген «Ашықхат», «Бағдаршам» - әрбір оқушыға берілетін белгі, тарау бойынша жазылған тірек сөздер, фломастер, желім, қосымша әдебиеттер, табиғат апаттары туралы жазылған ақпараттар, табиғат катаклизмдерінің суреттері, шұғыл көмек қызметтерінің телефондары, сирена дыбысы.

Интернет-ресурс:

<http://kp.kazpravda.kz/c/1007101133>

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Қазақстан территориясында қауіпті саналатын 30-дан астам табиғи құбылыстар кездеседі. Олар: жер сілкінісі, су тасқыны, орман және дала өрттері. Халық одан қорғану жолдарына дағдыланған. Жер бетіндегі өте қауіпті саналатын апаттардың 38%-ы Азияда, 26%-ы Оңтүстік және Солтүстік Америкада кездеседі екен.

Су тасқыны – бұл қардың еруі, жауын-шашын, өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу. Өзендер арнасына суды желмен айдау арқылы болған су тасқыны ерекше түрге жатады. Су тасқыны көпірлер, жолдар, ғимараттар, құрылымдардың қирауына, елеулі материалдық шығынға әкеледі.

Орман өрті – абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың есуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды және жел, дауыл кезінде сынғыш келеді. Орманда зиянды жәндіктердің, ағаш ауруларының таралуына қолайлы жағдай туады. Орман өрті жер бетін

шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады.

Дауылды жел – күшті, кенеттен соғатын, жылдамдығы 20–30 м/с-ке жететін, кейде найзағай мен нөсер қатар жүретін жел. Орта ендіктердегі циклондарды суық ауа шебінің өтуі барысында және өте күшті ауа конвекциясы кезінде байқалады. Халыққа көмек үшін арнайы Төтенше жағдайлар министрлігі жұмыс жасайды. Құтқару қызметінің номері 101-өрт сөндіру, 103-жедел жәрдем, 112-құтқару қызметі.

Сабаққа қатысты ескертулер

Парталар топтық жұмысқа арнап арнайы қойылады. Оқушылар топтарға бөлінеді. Мұғалім сабақты сыныпқа хат келгенін айтып бастайды.

Сәлеметсіздерме, балалар! Сендерге хат жолдап отырған - Табиғат. Айнала қауіпке толы. Кей кезде жануарлар да өледі. Көмектесіңдер!

Ары қарай айтыңыз: Қазір біз, Төтенше жағдайлар зертханасына барамыз. Ол жерден біз табиғат апаттары туралы, табиғатта болатын қауіп-қатерлер туралы білеміз. Оған кіру үшін бізге қамалдың коды керек. Оны біз «Үшінші артық» жаттығуы барысында таңдап аламыз. Әр топқа үш данадан Қазақстанның шипажай аймақтары бар табиғат фотосуреттерін таратып беріңіз. Оқушылардан соның ішінен артық суретті табуын сұраңыз. Неліктен ол суретті артық деп санағандарына дәлелдеме жасасын. Суреттерді тақтаға ілгізіп, оларды ортақ байланыстырып тұрған не екенін сұраңыз. Ол суреттерге 112 санын қойыңыз. Ол зертханаға кіретін код. Бұл не сан екенін анықтаңыз. Осы жерде басқа да телефондарды естеріне сала кетуіңізге болады. Сабақтың тақырыбын хабарлаңыз. Апаттарды білу неліктен қажет екенін сұраңыз. Жұптар бір-біріне түсіндіреді. Содан соң негізгі мәтінді оқуларын сұраңыз. «Төтенше» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.

Табиғи қауіптер

Суреттерге қарап тұрып сұрақтарға жауап беруін сұраңыз. Ал апат түрлерін тақтаға жазыңыз.

Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар 5 зертханалық орталыққа бөлінуі қажет. Әр топтағы оқушы – осы орталықтың кіші ғылыми қызметкері. Мұғалім оқушылардың осы зерттеу жұмысына қажет құралдармен толық қамтамасыз етілуін қадағалау керек. Әр топ жеке табиғи катаклизмнің пайда болуынан бастап әсерін, салдарын толық зерттеу керек, өз ойларын тұжырымдап, зерттеу қағазына толтырады. Әр топтың зерттейтін табиғи апаттары:

1. Су тасқыны.
2. Жер сілкінісі.
3. Орман және дала өрттері.
4. Боран және қатты жел.
5. Жергілікті жердің табиғи апаттары (шөл т.б.).

Жұмыс басында уақыт белгіленуі керек. Жұмыстың қорытындысын бағалау өлшемі де бекітілуі керек.

Әр топтың спикеріне уақыт белгіленеді, ал уақыттан асып кететін болса, тоқтатылады. Әр топ қызықты бір сұрақ дайындауы тиіс, егер сұрақ қызықты болса, қосымша ұпай берілетіні айтылады.

Ізден

Оқушылар бұл айдардағы мәтінді оқиды. Топтар өздері дайындаған өрт туралы материалдарына таныстырылым жасайды. Содан соң сыныптарымен бұл апатқа «кінәлі» ресурстарға назар аудартуға болады. Орман өртін болдырмау жолдары туралы кеңес беруін сұраңыз.

Сен білесің бе?

Мұғалім берілген айдарға сұрақ қоя алады. Егер оқушылар мұндай жағдаймен кездеспеген болса, өз мысалыңызды келтіре аласыз. Немесе К.Паустовскийдің «Қоянның қолдары» мультфильмінен кадрлар көрсетіңіз.

Оқушылардың тыңдалымы біткенше зертханада табиғи апаттарға байланысты түсірілімдер дайындалғанын айтыңыз. Олардан үзінді көрсетіңіз. Бұл түсірілімдерге ат қойылмапты, оны сендерге тапсыруға бола ма? деген сұрақ қойыңыз. Өз ұсынысыңызды жасаңыз. Мүмкін «Сақ бол!», «Табиғи апаттар» деп аласыңдар ма деп құлшындырып қойыңыз.

Қауіпсіздік ережелері

Оқушылардан қауіпті жағдайға ұшыраған адамдарға кімдер көмектесетінін сұраңыз. Төтенше жағдайлар зертханасында арнайы құтқарушылар тобы бар екенін айтыңыз. Ал біздің топ – ол біздің сынып. Адамдарды құтқару үшін төтенше жағдайларда өзімізді қалай ұстау керектігімізді білуіміз керек. Әр топ оқулықта берілген тапсырмалар салынған ашықхаттарды таратып алады. Құтқарушылардың тапсырмасы – суреттерді орнымен қою. Қай топ бірінші аяқтаса, тақтаға шығып жауаптарымен таныстырады. Басқа топтар келіспеген жерлері болса толықтыруына болады. Болған соң жауаптарын оқулықпен сәйкестендіріп тексереді. Тапсырманы осы айдардағы үшінші тапсырма бойынша жұмыс жасап, негізгі мәтінді оқып бере аласыз.

Сабақты «Бағдаршам» ойынымен аяқтауыңызға болады. Оқушылар жасылды көтерсе «Мен білемін!», қызылды көтерсе «Мен білмеймін!» деген түсінік беріледі.

Төтенше жағдайлар барлық мемлекетте болады.

Жануарлар апат болатынын сезеді.

Орман өрттерін өртсөндірушілер сөндіреді.

Су тасқыны пайда келтіруі мүмкін.

Соңғы айтылған сөйлемге көңіл бөлуін қадағалау керек. Су тасқыны қандай пайда әкелуі мүмкін? Иә, кейде су тасқыны пайда әкеледі, жер ылғалды бойына сіңіріп, өсімдіктердің өсуіне үлкен үлес қосады.

Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру

Тараудың соңғы сабағы болғандықтан, барлық тірек сөз қамтылады. Ол үшін алдын ала үлестірме парақшалар дайындап, әр балаға таратып беріңіз. Сіз сөзді атаған сәтте оқушылар үлестірме парақшаны пайдаланып, орнынан тұрады да, сол сөзді айтады. Ары қарай осылайша кезекпе-кезек жалғаса береді.

Бағалау мүмкіндіктері

Бағалау ретінде «Бағдаршам» ойынын ұсыныңыз. Оқушыларға сабақтың тақырыбы бойынша сұрақтар қойыңыз. Олар бағдаршамның тиісті түсін көтеру керек: «Мен білемін» – жасыл, «Мен түсінбедім» – сары, «Мен түсінбедім» – қызыл түсті.

Жұмыс дәптері бойынша ұсыныстар

55-жұмыс парағы. «Көкке шығу»

Қажетті заттар тізімі. Бұл тапсырма оқушылардың шығармашылықтарын дамытуға арналған. Олар саяхатқа қажетті заттардың суретін салады.

56-жұмыс парағы. «Сенің қауіпсіздігің»

Қауіпсіздік ережесі. Бұл тапсырма сабақты қорытындылау ретінде берілген. Оқушылар табиғатта қауіпсіздік сақтау ережесін жасайды.

Қосымша тапсырма

Төтенше жағдайлар түрлерін бекітуге арналған жұмыс дәптеріндегі тапсырманы орындата аласыз. Белгілері бойынша өз беттерімен жұмбақтарды шеше алады.